АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА АТЫРАУ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

2026 жылғы «20» қаңтар
Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 81
город Атырау

«Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне зерттеу, жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 18, 71-баптарына және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 1 қазандағы №301 бұйрығымен бекітілген «Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскесін пайдалануға рұқсат беру» мемлекеттік қызмет көрсету қағидаларына сәйкес, сонымен қатар «Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысының хатын қарап, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне (230640026458) жол құрылысын салу үшін Атырау қаласы, Махамбет Өтемісұлы көшесінен Сырым Датов көшесіне дейін орналасқан көлемі 12,0 гектар жер учаскесіне зерттеу, жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін 1 жыл мерзімге рұқсат берілсін.

2. «Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесі мен «Атырау қаласының жер қатынастары, сәулет және қалақұрылысы бөлімі» мемлекеттік мекемесі арасында зерттеу, жобалау және іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін келісім-шарт жасалсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.Мукасовқа жүктелсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**

Сериялық нөмірсіз бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қазмет бабындағы мақсат үшін көшірмесі шектеулі мөлшерде жасалады, белгіленген тәртіппен БЕКІТІЛЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Копия при служебной необходимости делается в ограниченном количестве.
ЗАВЕРЯЮТСЯ И УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

001664